


Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен


Хаттама № 8 « 24 » 05 2024 ж.

проф. Н.О. Дулатбеков



«БЕКІТІЛГЕН»
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

Хаттама № 5 « 21 » 06 2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M01802 - Әлеуметтік педагогика

Деңгейі: Магистратура

Қарағанды қ.
2024


КЕЛІСІМ ҚАҒАЗЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «7М01802-Әлеуметтік педагогика»

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысы білім басқармасының
басшысы





Г.С.Жунусова
2024 ж. « 09 » 01

«КЕЛІСІЛДІ»

«Кәсілетке толмағандарды бейімдеу орталығы»
КММ директоры




А.С.Жунусов
2024 ж. « 11 » 01

№	Білім беру бағдарламасының паспорты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	3
2	Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және классификациясы	3
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	3
4	Кредиттер көлемі	3
5	Оқыту түрі	3
6	Оқыту тілі	3
7	Берілетін дәреже	3
8	ББ түрі	3
9	МСКО деңгейі	3
10	НРК бойынша деңгейі	3
11	ОРК бойынша деңгейі	3
12	ББ-ның айрықша ерекшеліктері	3
	Серіктес ЖОО (ПКҚ)	3
	Серіктес ЖОО (ҚДӨП)	3
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	3
14	ББ аккредиттеу органының атауы және аккредиттеу мерзімі	3
15	ББ мақсаты	3
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	3
а)	Түлектер лауазымдарының тізбесі	3
б)	Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері	3
в)	Түлектің кәсіби қызметінің түрлері	3
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	4
17	Түлек моделі	19

№	Білім беру бағдарламасының паспорты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының атауы мен коды:- 7M01802- «Әлеуметтік педагогика»	3
2	Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды мен жіктемесі - 7M01 Педагогикалық ғылымдар	3
3	Білім беру бағдарламасының тобы - 7M018 Әлеуметтік педагогика мамандарын даярлау	3
4	Кредит көлемі- 120	3
5	Оқу түрі – күндізгі	3
6	Оқу тілі: қазақша, орысша	3
7	Берілетін дәреже - 7M01801 "Әлеуметтік педагогика"білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі	3
8	ББ түрі – жаңа	3
9	МСКО деңгейі-7	3
10	НРК деңгейі – 7	3
11	ОРК деңгейі - 7 (кіші деңгей 7.1;7.2)	3
12	ББ айрықша ерекшеліктері – жоқ	3
	Серіктес ЖОО (ПҚК)-жоқ	3
	Серіктес ЖОО(ҚДОП)-жоқ	3
13	Қадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі - білім беру қызметімен айналысуға арналған мемлекеттік лицензияға қосымша № KZ83LAA00018495 № 016 берілген күні 28.07.2020 ж.	3
14	ББ аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	3
15	ББ мақсаты - жоғары кәсіби деңгейде орта және жоғары білім беру жүйесінде білімді, іскерлікті, дағдыларды қолдануға мүмкіндік беретін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу әлеуетін, кәсіби қызметте инновациялық технологияларды меңгерген қажетті жеке және кәсіби қасиеттері мен құзыреттері бар әлеуметтік педагогика саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.	3
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	3
а)	Түлек лауазымдарының тізбесі - кәсіби орта және жоғары оқу орнының оқытушысы; - ғылыми-зерттеу институттарындағы маман; - білім беру мекемелерінде, ұйымдарында әлеуметтік педагогика бойынша маман; - ҚР оқу ағарту министрлігінің балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің маманы (жетекші, бас, аға); - үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарда ана мен баланы қорғау жөніндегі маман; - қиын өмірлік жағдайға тап болған балалармен жұмыс жөніндегі әлеуметтік педагог;	3
б)	Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері Түлектің кәсіби қызмет саласы- білім беру және тәрбиелеу жүйесі (жалпы орта мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан жоғары оқу орындары), интернаттық мекемелер (балалар үйлері және арнайы (түзету; білім беру ұйымдары) даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған), мемлекеттік құрылымдар (балалардың құқықтарын қорғау комитеті); мамандандырылған мекемелердің әлеуметтік қызметтері (кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары, ДМШ бар балаларға арналған оңалту орталықтары, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын өткізу орталықтары (балалар клубтары, жасөспірімдер студиялары, сауықтыру лагерлері), ана мен баланы қорғау жөніндегі үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдар. Түлектердің кәсіби қызметінің объектілері: университет оқытушысы ретінде: бакалавриат студенттері; әлеуметтену процесінде - көмекті қажет ететін балалар мен жастар: мүмкіндігі шектеулі балалар, девантты мінез-құлықты жасөспірімдер мен жастар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, зорлық-зомбылық құрбаны болған және қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар, қауіп-қатер тобындағы балалар, отбасылық мәселелері бар балалар, мигрант отбасылары, бейресми жастар және жасөспірімдер бірлестіктері;	3
в)	Түлектің кәсіби қызмет түрлері: – ғылыми-педагогикалық; – зерттеушілік; – әлеуметтік-педагогикалық;	3

	<ul style="list-style-type: none"> - оқу-тәрбиелік; - оқу-әдістемелік; - ұйымдастырушылық-басқарушылық; - әлеуметтік-коммуникативті 	
г)	<p>Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтену процесінде көмекке мұқтаж балаларды, жасөспірімдерді және олардың отбасыларын әлеуметтік-педагогикалық қолдау; - әлеуметтік-терапиялық; - оқыту; - ғылыми- зерттеу - тәрбиелік; - дамыту; - басқарушылық; - коммуникативті. 	4
17	Түлек моделі	16

Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс білімнің нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, тарих және ғылым философиясы саласындағы алған білімдерін өзектендіреді.
	ОН 2	Жоғары мектеп педагогикасының білімін, инновациялық технологияларды, оқыту нысандары мен әдістерін пайдалану негізінде әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқытудағы іскерлігін, жоғары мектептің оқу процесінде психологиялық - педагогикалық міндеттерді шешуге дайындықтың жоғары деңгейін көрсетеді, алған кәсіби білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын практикадағы педагогикалық процеске біріктіреді.
	ОН 3	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесін басқару психологиясының нысандарын, құралдары мен әдістерін меңгереді. Басқару психологиясын білу, командада тиімді өзара әрекеттесу, жанжалды жағдайларды шешу негізінде басқару әдістерін дұрыс қолданады.
	ОН 4	Балаларды әлеуметтік қорғау, кәсіптік салада құжаттарды жүргізу міндеттерін шешуде балалармен, ата-аналармен, мамандармен кәсіби қарым-қатынас жасау, ғылыми зерттеулермен танысуға және жоғары оқу орындарында оқытушылық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ағылшын тілінде ауызша қарым-қатынас деңгейін, білімін, іскерлігін, дағдыларын көрсетеді.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 5	Кәсіби қызметте цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, оның ішінде репетиторлық, педагогикалық өлшеу және әлеуметтік педагог қызметін бағалау, білім берудегі инновациялар, ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша білім, білік және дағдыларын таныстырады.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 6	Әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік-педагогикалық деонтологияның әдіснамасы мен теорияларын түсіндіреді, магистрлік диссертацияның нәтижелерін түсіндіру және қорғау арқылы ғылыми зерттеулер жүргізуді біледі.
	ОН 7	Балалар мен жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлқының алдын алу, мигранттардың отбасылары мен балаларын қолдау, мамандардың кәсіби күйіп кету тәуекелдері, көшбасшылық теориялары, мәдени плюрализм, педагогикалық акмеология туралы білім, кәсіби қызметті құжаттау және басқару, оның ішінде шетел тілін пайдалана отырып, шетелдік тәжірибелер тәжірибесінде іскерліктер бойынша жобалау технологияларын біріктіреді.
	ОН 8	Педагогтің кәсіби имиджін модельдейді, шығармашылық педагогика құралдарын пайдалана отырып, әлеуметтік-педагогикалық пәндер бойынша сабақтар өткізеді және әлеуметтік-педагогикалық қызметте супервизорлықты қолдану қабілетін көрсетеді.
	ОН 9	Ғылыми дереккөздерді талдайды, библиографиялық ресурстарды сараптайды, ғылыми ақпараттың деректер қорын пайдаланады, магистрлік диссертацияның нәтижелері мен перспективасын болжайды және ғылыми нәтижелерді ұсынады.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдің атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1, ОН 6, ОН 9	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық-тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН 1, ОН 2, ОН 3		Жоғары мектеп педагогикасы	4
ОН 2, ОН 3		Басқару психологиясы	4
ОН 2, ОН 3		Педагогикалық практика	4
ОН 4, ОН 7	Кәсіби қарым-қатынас және тілдер	Шетел тілі (кәсіби)	4
		Әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі кәсіби қарым-қатынас Кәсіби саладағы құжаттану	5
ОН 2, ОН 5	Базалық дайындықтың инновациялық аспектілері	Білім берудегі тьюторлық Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі педагогикалық өлшем және бағалау	5
		Педагогикалық инноватика Кәсіби қызметтегі цифрлық білім беру ресурстары	5
ОН 2, ОН 6, ОН 9	Әлеуметтік педагогикадағы таным және ғылыми зерттеу әдістемесі	Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері	4
		Әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері	4
		Әлеуметтік-педагогикалық деонтология	4
ОН 2, ОН 3, ОН 7	Білім берудегі заманауи әлеуметтік-педагогикалық технологиялар	Балалар мен жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлқының әлеуметтік-педагогикалық алдын-алу Педагогикалық акмеология	4
		Білім берудегі мәдени плюрализм теориясы Жастар ортасындағы көшбасшылық	5
ОН 3, ОН 6, ОН 7	Әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқарудың теориясы мен практикасы	Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқару және ұйымдастыру Мигрант отбасылар мен балаларды қолдау бойынша әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	6
		Әлеуметтік педагогтың жобалық құзыреті Білім беру және әлеуметтік салада кәсіби күйдің алдын-алу	5
ОН 2, ОН 3, ОН 8	Педагогтың кәсіби мәдениеті	Педагогикалық имиджелогия Креативті педагогика	5
		Жоғарғы оқу орындарында әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі Әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі супервизорлық	4
		Зерттеу практикасы	12
ОН 6, ОН 7, ОН 9	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	24
ОН 5, ОН 6, ОН 9	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	8

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (40-45сөз)	Кредит ер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)								
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті												
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Пәннің мақсаты-ғылыми білімнің философиялық құбылыстарын оның даму тенденциясында және өзгертін әлеуметтік-мәдени профилінде зерттеу. Пәнді зерделеу нәтижесінде ғылыми танымның ерекшеліктері, қазіргі өркениет мәдениетіндегі ғылымның рөлі, білім алушыларда философиялық ойлау дағдылары қалыптасады.	4	+						+		+
D2	Жоғары мектеп педагогикасы	Пән жоғары білім жүйесі, негізгі принциптері және жоғары оқу орнындағы дидактикалық технологиялар туралы білімді дамыту мақсатында оқытылады. Жоғары оқу орнында педагогикалық процесті ұйымдастыру негіздерін, педагогикалық шеберлік пен әдістемені меңгеру білім алушыларға жоғары оқу орнында пәндерді оқыту біліктері, дағдыларын игеруге мүмкіндік береді.	4	+	+	+						
D3	Басқару психологиясы	Курстың мақсаты басқару психологиясы мен кәсіби этика мәселелерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде басқару теориялары, принциптері мен заңдылықтары, басқару стильдері, басқарушының рөлі, басқарудың өзара әрекеттесуіндегі тұлғалық, кәсіби іс-әрекетте өз мінез-құлқын басқару және жоспарлау дағдылары қалыптасады.	4		+	+						
D4	Педагогикалық практика	Педагогикалық практиканың мақсаты - педагогикалық процесте алынған теориялық және практикалық білімді игеру. Жоғары мектепте оқыту әдістемесі негізінде педагогикалық процесті ұйымдастыру нәтижелері бойынша оқу сабақтары мен тәрбие іс-шараларын өткізуді жоспарлау және ұйымдастыру әдістемесі туралы білім қалыптасады. Педагогикалық практикадан өту нәтижесінде жоғары мектепте оқыту әдістемесі негізінде білім алушыларда оқу сабақтары мен тәрбие іс-	4		+	+						

		шараларын өткізуді жоспарлау және ұйымдастыру білімі, іскерлігі қалыптасады.										
D5	Шетел тілі (кәсіби)	Кәсіби қарым-қатынас жағдайында тиімді коммуникацияны жүзеге асыру үшін сөйлеу, оқу, жазу және тыңдау дағдыларын қалыптастыру, әртүрлі салалар бойынша мамандандырылған әдебиеттермен жұмыс істеу, мамандық бойынша мәтіндерді жазбаша аудару, кәсіби қарым-қатынас жағдайында ауызша екі жақты аударуды қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4				+				+	
Негізгі пәндер циклі Таңдау бойынша компонент												
D6	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі кәсіби қарым-қатынас	Пән білім алушыларды кәсіби қарым-қатынасқа дайындау мақсатында оқытылады. Әлеуметтік педагогтың әртүрлі санаттағы балалар мен жасөспірімдермен, жастармен және әлеуметтік-педагогикалық қызметтермен кәсіби қарым-қатынас мәселелері қарастырылады. Курсты оқу барысында кәсіби қарым-қатынас туралы Білім және әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі коммуникативті сауаттылық дағдылары меңгеріледі.	5				+				+	
	Кәсіби саладағы құжаттану	Курстың мақсаты-құжаттардың функциялары, түрлері, оларды әлеуметтік-педагогикалық қызметте ресімдеуге қойылатын талаптар туралы идеяларды қалыптастыру. Құрылымы, жіктелуі, құжаттау құралдары, оларды ресімдеу, олармен жұмыс істеу технологиясы мәселелері зерттеледі. Оқыту нәтижесі: құжаттаманы жүргізу тәсілдері мен білімдерін, кәсіби салада құжатталған ақпаратты пайдалану іскерліктері мен дағдыларын меңгеру.					+				+	
D7	Білім берудегі тьюторлық	Пәннің мақсаты-білім берудегі инновациялық технология ретінде тьюторлықты оқу, зерделеу. Мазмұнында заманауи білім берудің өзекті мәселелері контекстіндегі тьюторлық мәселелер; тьютордың педагогикалық қызметінің түрлері мен құралдары қарастырылады. Пәнді оқу нәтижесінде әлеуметтік-педагогикалық, тьюторлық білім, білік, дағдылар қалыптасады.	5			+				+		
	Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі педагогикалық өлшем және	Пәннің мақсаты – педагогикалық квалиметрияны және оның әлеуметтік-педагогикалық жұмыс сапасын бағалауға қолданылуын оқып үйрену. Әлеуметтік-педагогикалық саладағы квалиметрияның тиімділігі мәселелері					+				+	

	бағалау	қарастырылады. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушыларда іс-шаралардың сапасын бағалау әдістері, Әлеуметтік педагогтың қызметін өлшеу және бағалау әдістерін қолдану дағдылары қалыптасады.										
D8	Педагогикалық инноватика	Пән педагогикалық инновацияның мәні туралы білімді дамыту мақсатында оқытылады. Педагогикалық ғылым мен тәжірибедегі инновация мен инновация мәселелері, инновациялық қызмет түрлері қарастырылады. Оқыту нәтижесі: кәсіби салада инновациялық технологияларды қолдану іскерліктері пен дағдылары білім алушылардың инновациялық мәдениетін қалыптастырады.	5		+			+				
	Кәсіби қызметтегі цифрлық білім беру ресурстары	Пәннің мақсаты- цифрландыру жағдайында білім беру ресурстарын оқып үйрену. Білім беру процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған электрондық форматтағы ұсынылған оқытудың заманауи құралдары қарастырылады. Білім алушыларда кәсіптік қызметте ЦБР пайдаланудағы білім, білік және дағдылар жүйесі қалыптасады.			+			+				
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті												
D9	Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері	Пән әлеуметтік педагогиканың әдіснамасы, оның категориялары мен ғылыми тәсілдері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі әлеуметтік-педагогикалық ғылым мен әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әдіснамасы мәселелері қарастырылады. Пәнді оқу нәтижелері: білім алушыларда әлеуметтік педагогиканың ғылыми негіздерін талдау және оларды практикалық қызметте қолдану дағдылары қалыптасады.	4		+			+				+
D10	Әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері	Ғылыми танымның әдіснамасы мен әдістері, Әлеуметтік-педагогикалық зерттеу әдістері туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Пәннің мазмұны ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және технологияларын қарастырады. Пәнді оқу нәтижелері бойынша білім алушылардың ғылыми - зерттеу мәдениеті қалыптасады, ғылыми танымның теориялық және қолданбалы әдістерін қолдану және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру дағдылары дамиды.	4		+			+				+
D11	Әлеуметтік-	Пәнді оқу мақсаты – кәсіби қызметте			+			+				+

	педагогикалық деонтология	деонтологияны меңгеру. Әлеуметтік педагогқа қойылатын парыздың моральдық талаптары, нормалары, принциптері мен жүріс-тұрыс ережелері туралы мәселелер қарастырылады. Курсты оқу нәтижесінде кәсіби қызметте адамгершілікті сақтау және маманнан талап етілетін адамгершілік парыз туралы түсініктер қалыптасады.	4									
Бейіндік пәндер циклі Таңдау компоненті												
D12	Балалар мен жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлқының әлеуметтік-педагогикалық алдын-алу	Балалар мен жасөспірімдердің жәбірленушілік мінез-құлқының әлеуметтік-педагогикалық алдын алу туралы білімді игеру мақсатында зерттеледі. Балалар мен жасөспірімдердің құрбандық мінез-құлқының алдын алу мәселелері, оның түрлері, әдістері мен бағыттары қарастырылады. Курсты игеру нәтижесінде білім алушыларда кәмілетке толмағандардың құрбандық мінез-құлқын диагностикалау және алдын алу және оларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету дағдылары қалыптасады.	4		+	+					+	
	Педагогикалық акмеология	Педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін дамыту мақсатында оқытылады. Курстың мазмұны педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін дамыту жағдайларын, оны қалыптастыру әдістері мен құралдарын қарастырады. Курсты меңгеру нәтижесінде білім алушыларда акмеология білімдері, жағдаяттарды талдау және бағалау іскерліктері, кәсіби даму дағдылары қалыптасады.			+	+					+	
D 13	Білім берудегі мәдени плюрализм теориясы	Курс мәдени плюрализм теорияларын, олардың мәнін, қоғамдағы рөлін және қарым-қатынасын зерттеуге арналған. Оқыту нәтижесінде білім берудегі мәдени плюрализм тұжырымдамалары туралы білім қалыптасады, жаһандану процесінің олардың дамуына әсері, жеке тұлғаның басқа мәдениеттерге деген толерантты дүниетанымының негіздері, көпмәдениетті тұлғаны тәрбиелеу дағдылары мен дағдылары қарастырылады.	5		+						+	

	Жастар ортасындағы көшбасшылық	Пәнді оқу мақсаты – жастар арасындағы көшбасшылықты және осы әлеуметтік топтың ерекшеліктерін оқып-үйрену. Келесі сұрақтар қарастырылады: көшбасшылықтың мәні; басшының жеке әлеуеті; жастар арасындағы көшбасшылықтың ерекшеліктері. Оқыту нәтижесінде білім алушыларда көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған білім, білік, дағды қалыптасады.			+					+		
D14	Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық қызметті басқару және ұйымдастыру	Әлеуметтік педагогтың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Курстың мазмұнында менеджмент, мониторинг, әлеуметтік-педагогикалық қызметті ұйымдастыру және басқару бойынша әлеуметтік-педагогикалық қызметтердің өзара іс-қимылы мәселелері қарастырылады. Пәнді оқу нәтижесінде білім беру мекемелерінде әлеуметтік-педагогикалық қызметті ұйымдастыру және басқару іскерліктері, әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді сапалы әзірлеу дағдылары қалыптасады.	4			+			+	+		
	Мигрант отбасылар мен балаларды қолдау бойынша әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	Пәнді оқудың мақсаты – мигрант отбасыларымен және олардың балаларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мазмұны туралы білімді қалыптастыру. Қиын өмірлік жағдайдағы балалары бар мигрант отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру мәселелері қарастырады. Бұл категорияға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету біліктері мен дағдылары қалыптасады.				+			+	+		

D15	Әлеуметтік педагогтың жобалық құзыреті	Пәнді оқытудың мақсаты-әлеуметтік педагогтың жобалық құзыреттілігін қалыптастыру. Мазмұнында жобалау қызметін ұйымдастыру мәселелері, оны жобалау және кәсіби салада іске асыру алгоритмі қарастырылады. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушыларда кәсіби қызметте жобаларды әзірлеу және іске асыру іскерліктері мен дағдылары қалыптасады.	4			+			+	+		
	Білім беру және әлеуметтік салада кәсіби күюдің алдын-алу	Пәнді зерттеудің мақсаты-кәсіби күю синдромы және осы құбылыстың алдын-алу жолдары туралы білімді игеру. Курстың мазмұны кәсіби күю синдромының дамуына әсер ететін факторлар тобын қарастырады. Оқыту нәтижесінде білім алушыларда кәсіби күю қаупінің алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру біліктері мен дағдылары қалыптасады.				+			+	+		
D16	Педагогикалық имиджология	Пән педагогтың кәсіби имиджін түсіну мақсатында оқытылады. Қарастырылатын сұрақтар: имидждің түрлері, педагогтың жағымды кәсіби имиджін қалыптастыру жолдары. Пәнді оқу нәтижесінде педагогтың имидждік құзыреттілігі қалыптасады: жеке тұлғаның имиджі туралы білім, өзін-өзі бейнелеу дағдылары, "білімді адам имиджінің модельдері", "қоғамдық педагогтың имиджі".	4		+	+					+	
	Креативті педагогика	Пәнді оқытудың мақсаты- заманауи педагогикалық білім беру саласындағы білімді тереңдету. Шығармашылық білім беру процесін жобалау және жүзеге асыру бойынша педагогикалық іс әрекет ерекшеліктері қарастырылады. Курсты игеру нәтижелері: білім алушыларда оқу-креативті оқытуды жобалауда және іске асыруда білім, білік сонымен қатар кәсіби қызметте өзін-өзі жүзеге асыру дағдылары қалыптасады..				+					+	

D17	Жоғарғы оқу орындарында әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі	Курс ЖОО-да оқытудың әдістемелік техникасын, формалары мен құралдарын, жоғарғы оқу орны оқу үдерісіндегі инновациялық технологияларды, әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесін зерттеуге арналған. Курсты меңгеру нәтижесінде білім алушылар әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі туралы білімдерін қалыптастырады, жоспар құру және сабақтың әртүрлі формаларын жүргізу дағдыларын меңгереді.	4		+	+					+	
	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі супервизорлық	Білім алушылардың әлеуметтік-педагогикалық өзара іс-қимылды жоспарлау және жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру мақсатында зерделенеді. Қарастырылатын сұрақтар: супервизаның мәні, оның этикалық принциптері, стильдері, формалары, модельдері және әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметіндегі супервизорлық тәжірибесінің ерекшеліктері. Курсты игерудің нәтижесі маманның кәсіби өсуіне жағдай жасау бойынша білім мен дағдыларды игеру.			+	+					+	
D18	Зерттеу практикасы	Практиканың мақсаты-ғылыми материалдарды жинау, талдау және жалпылау, магистрлік диссертацияны дайындау үшін өзіндік ғылыми идеяларды әзірлеу. Практика нәтижесінде зерттеу процесін ұйымдастырудың кезеңдері мен принциптерінің мазмұны туралы білім қалыптасады, эксперимент аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарына практикалық қатысу дағдылары қалыптасады.	12		+	+					+	
D19	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	ҒЗЖ мақсаты-ғылыми идеяларды сынақтан өткізу және іске асыру, ғылыми-зерттеу материалдарын жинау. Білім беру ұйымдарында тағылымдамадан өту. ҒЗЖ нәтижесінде білім алушыда жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдау және жалпылау, ғылыми жұмыстың нәтижелерін жарияланымдар, электрондық материалдар, басқа да өнімдер түрінде ұсыну дағдылары бекітіледі.	24						+	+		+
D 20	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	Мақсаты-алдын ала қорғаудан өту рәсімінен кейін магистрлік диссертацияны ресімдеу. Білім алушыда диссертацияны, диссертацияда ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ресімдеу білімі мен дағдылары қалыптасады, бұл білім беру жүйесіндегі маңызды ғылыми мәселені шешуге, магистрлік диссертацияны қорғауға ұсынуға мүмкіндік береді.	12					+	+			+

Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Оқу нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс білімнің нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, тарих және ғылым философиясы саласындағы алған білімдерін өзектендіреді.	Интерактивті дәріс, қысқаша әңгіме	Емтихан
ОН 2	Жоғары мектеп педагогикасының білімін, инновациялық технологияларды, оқыту нысандары мен әдістерін пайдалану негізінде әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқытудағы іскерлігін, жоғары мектептің оқу процесінде психологиялық - педагогикалық міндеттерді шешуге дайындықтың жоғары деңгейін көрсетеді, алған кәсіби білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын практикадағы педагогикалық процеске біріктіреді.	Дәріс, пікірталас, презентация	Коллоквиум, емтихан
ОН 3	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесін басқару психологиясының нысандарын, құралдары мен әдістерін меңгереді. Басқару психологиясын білу, командада тиімді өзара әрекеттесу, жанжалды жағдайларды шешу негізінде басқару әдістерін дұрыс қолданады.	Тренинг	Тест
ОН 4	Балаларды әлеуметтік қорғау, кәсіптік салада құжаттарды жүргізу міндеттерін шешуде балалармен, ата-аналармен, мамандармен кәсіби қарым-қатынас жасау, ғылыми зерттеулермен танысуға және жоғары оқу орындарында оқытушылық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ағылшын тілінде ауызша қарым-қатынас деңгейін, білімін, іскерлігін, дағдыларын көрсетеді.	Тәжірибе жетекшісінің кеңестері. Өзіндік жұмыс	Есеп, күнделік, портфолио (дәріс, семинар жоспар-конспектiсi)
ОН 5	Кәсіби қызметте цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, оның ішінде репетиторлық, педагогикалық өлшеу және әлеуметтік педагог қызметін бағалау, білім берудегі инновациялар, ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша білім, білік және дағдыларын таныстырады.	Аудирование, оқу және аударма Мемлекеттік және ағылшын тілдерінде кәсіби терминология тезаурусын құрастыру.	Эссе Тест
ОН 6	Әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік-педагогикалық деонтологияның әдіснамалары мен теорияларын түсіндіреді, магистрлік жұмыстың нәтижелерін түсіндіре және қорғай отырып, ғылыми зерттеу жүргізе алады	Интерактивті дәріс	Жобаны, бағдарламаны қорғау, эссе жазу
ОН 7	Балалар мен жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлқының алдын алу, мигранттардың отбасылары мен балаларын қолдау, мамандардың кәсіби күйіп кету тәуекелдері, көшбасшылық теориялары, мәдени плюрализм, педагогикалық акмеология туралы білім, кәсіби қызметті құжаттау және басқару, оның ішінде шетел тілін пайдалана отырып, шетелдік тәжірибелер тәжірибесінде іскерліктер бойынша жобалау технологияларын біріктіреді.	Проблемалық оқыту және идея матрицасын құру	Презентация
ОН 8	Педагогтің кәсіби имиджін модельдейді, шығармашылық педагогика құралдарын пайдалана отырып, әлеуметтік-педагогикалық пәндер бойынша сабақтар өткізеді және әлеуметтік-педагогикалық қызметте супервизияларды қолдану қабілетін көрсетеді.	Кейс-әдістер Инверттелген класс (Flipped Class)	Портфолио, проект
ОН 9	Ғылыми дереккөздерді талдайды, библиографиялық ресурстарды сараптайды, ғылыми ақпараттың деректер қорын пайдаланады, магистрлік диссертацияның нәтижелері мен перспективасын болжайды және ғылыми нәтижелерді ұсынады.	Мақаланы рецензиялау, ғылыми семинарда сөз сөйлеу	Мақалалар, баяндамалар, диссертацияның ғылыми нәтижелерін қорғау

Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	Біледі: негізгі эпистемологиялық модельдер, рационалдылық ұғымының өзгеру сипаты; <i>ғылыми</i> , ғылыми және ғылыми емес танымның формалары мен әдістерін
	Істей алады: әлеуметтік-педагогикалық білім әдіснамасы, дерексіз ойлау, талдау, синтездеу қабілеті негізінде қазіргі заманғы теория мен практиканың шынайылығын талдайды және түсіне
	Меңгерген: әлеуметтік ғылымдар мен нақты шындық практикасын зерттеуде әдіснамалық білімді қолдануды
ОН 2	Біледі: қазіргі педагогика ғылымының әдіснамасы, жоғары мектептегі педагогикалық іс-әрекеттің инфрақұрылымы, жоғары мектепте педагогикалық жұмысты кәсіби іске асырудың қазіргі жағдайында қолданылатын әдістер жүйесі, жоғарғы оқу орындарында әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесін
	Істей алады: жоғарғы оқу орындарында педагогикалық жұмыстың теориясы мен әдіснамасының әртүрлі мәселелеріне талдау жасау, жоғарғы оқу орындарында әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту, жоғары мектепте педагогикалық технологиялар мен жұмыс әдістемелерін таңдауды
	Меңгерген: жоғары мектепте оқыту әдістемесімен, жоғары мектепте кредиттік және қашықтықтан оқытудың инновациялық технологияларын қолданады
ОН 3	Біледі: баланың тұлғалық дамуын басқарудың психологиялық-педагогикалық негіздері мен принциптері және жеке тұлға мен ұжымды диагностикалау әдістері, оның тиімділігін бағалау әдістерін біледі.
	Істей алады: әлеуметтік процестердің даму динамикасын бағалау, басқару жағдайларын талдау және оларды шешуде кәсіби ұстанымдарды анықтауды
	Меңгерген: әлеуметтік-педагогикалық басқару модельдері мен технологияларын шығармашылықпен пайдалануды
ОН 4	Біледі: ғылыми коммуникация үшін қажетті деңгейде оқытылатын тілдің фонологиялық, лексикалық, грамматикалық құбылыстары, кәсіби қарым-қатынас стильдері және құжаттану негіздерін
	Істей алады: ағылшын тілінде үйренген тілдік құралдарды кәсіби терминологияға сәйкес қолдану, кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасау және әлеуметтік педагог құжаттамасын жасауды
	Меңгерген: ағылшын тіліндегі коммуникация дағдыларын, коммуникативтік мәдениет және әлеуметтік - педагогикалық қызметтегі құжаттармен жұмыс істеу технологияларын.
ОН 5	Біледі: тьютордың педагогикалық іс-әрекетінің түрлері мен құралдарын, педагогикалық іс-әрекетті диагностикалау және бағалау әдістері, білім берудегі инновациялық технологияларын, цифрлық білім беру ресурстарының құралдарын.
	Істей алады: инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға тьюторлық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасын жоспарлау, квалиметрияны диагностикалау және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, педагогикалық қызметке инновацияларды енгізу тиімділігін бағалау әдістерін қолдануды меңгереді.
	Меңгерген: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тьюторлық сүйемелдеу дағдылары, әртүрлі цифрлық білім беру платформаларында педагогикалық инновацияларды енгізудің тиімділігін бағалауды меңгерген.
ОН 6	Біледі: әлеуметтік педагогиканың теориясы мен әдістемесін ескере отырып, әлеуметтік-педагогикалық зерттеулерді жүргізудің психологиялық-педагогикалық негіздері мен принциптерін, әлеуметтік-педагогикалық деонтологияның әдістері мен принциптерін.
	Істей алады: әлеуметтік педагогика және әлеуметтік-педагогикалық деонтология ұғымдары мен әдістемесін шарлау, ғылыми зерттеудің әдіснамалық және критериалды-индикативтік аппаратын тұжырымдауды жасай алады.
	Меңгерген: әлеуметтік педагогика мен деонтология теориясына негізделген ғылыми таным мен зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін игерген.
ОН 7	Біледі: виктимология және акмеология негіздері, мәдени плюрализм және жастар арасындағы көшбасшылық теориясы, әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі дизайн және менеджмент, отбасылар мен мигрант балаларды қолдау және білім беру және әлеуметтік салада кәсіби күюдің алдын алу жолдарын біледі.
	Істей алады: виктимология және акмеология, жастар арасындағы мәдени плюрализм және көшбасшылық тұжырымдамасы бойынша білімдерін пайдалану, білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық іс-шараларды басқару, мигрант отбасылар мен балаларды қолдау мен білім беру және әлеуметтік салада кәсіби күюдің алдын алу бойынша бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуді жасай алады.
	Меңгерген: акмеологиялық және жобалық құзыреттілігі, жастар ортасында көпмәдениетті тұлға мен көшбасшылықты қалыптастыру, зорлық - зомбылық құрбандарын оңалтудың әртүрлі әдістерін қолдану, мамандардың кәсіби күю синдромын диагностикалау және алдын алу, мигрант отбасылар мен балаларды қолдау бойынша жұмыс,

	әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі менеджмент технологиялары бойынша дағдыларды игерген.
ОН 8	Біледі: педагогикалық имиджология, креативті педагогика теориясы мен практикасы, жоғары мектепте әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі және әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі супервизорлықтың принциптері мен мәнін игереді.
	Істей алады: заманауи педагогтың имиджін модельдеу, креативті ойлауға негізделген креативті педагогикадағы әртүрлі тәсілдерді түсіндіру, әлеуметтік-педагогикалық пәндер бойынша сабақтарды практикада өткізу, бакалавриат білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жобалау процесінде білім берудің инновациялық тәсілдерін, кәсіби қызметте супервизорлық тәжірибені қолданады.
	Менгерген: кәсіби қызметте имидждеу және өзін-өзі таныстыру дағдылары, жоғары мектепте әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі, шығармашылық педагогика құралдарын пайдалана отырып, жоғарғы оқу орындарында сабақ жүргізу, жаңа силлабустар, тесттер, практикада презентациялар әзірлеу, бакалавриат білім беру бағдарламаларын жобалауға жетекшілік етеді, әлеуметтік педагогтың жұмысында супервизорлықты қолданады.
ОН 9	Біледі: ғылыми зерттеудің теориялары, әдіснамасы мен әдістері, зерттеудің диагностикалық және критериалды-көрсеткіштік аппаратын
	Істей алады: Ғылыми дереккөздерге талдау жүргізу, диссертация шеңберінде зерттелетін құбылысты өлшеу және диагностикалау, зерттелетін құбылыстың және басқа да ғылыми нәтижелердің әлеуметтік-педагогикалық моделін құрастыруды
	Менгерген: ғылыми мақала жазу кезінде зерттеу нәтижелерін талдау, магистрлік диссертацияның теориялық және практикалық нәтижелерін жалпылау, тұжырымдау дағдылары және алынған ғылыми нәтижелерді қорғау қабілетін талдауды.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Атрибуттар:

Әлеуметтік педагогика саласындағы жоғары кәсібилік

және оқытушылық қызмет

Эмоционалды интеллект

Жаһандық сын-қатерлерге бейімделу

Көшбасшылық және кәсіби қарым-қатынас

Ғылыми және шығармашылық ойлау

Басқару мәдениеті және инновацияны қолдануға деген ұмтылыс

Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің мәнін түсіну

Ғылыми-зерттеу қызметінің жоғары әлеуеті.

Адамгершілік және этикалық құндылықтарды ұстану.

Альтруизм, гуманизм, патриотизм.

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	Педагогикалық мамандыққа қабілеттілігін көрсетеді, білім алушыларға жеке-бағдарланған көзқарас негізінде кәсіби қызметті жүзеге асырады, серіктестік процесінде балалар мен олардың отбасыларының әл-ауқаты үшін жауапкершілікті қабылдайды. Альтруистік ниетпен адамдарға бастамашылық жасауға және көмек көрсетуге қабілетті, қазіргі жағдайға жауап беруге және қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, дұрыс шешімдер қабылдай алады. Шығармашылық және сыни ойлауға және кәсіби ұтқырлыққа, тілдік және технологиялық сауаттылыққа ие, өз уақытын тиімді басқаруды жүзеге асырады және жұмыста қойылған мақсатқа қол жеткізеді. Командада сәтті өзара әрекеттеседі, оның ішінде басқару дағдыларын қолдану, қажет болған жағдайда жанжалды жағдайларда келіссөздер жүргізеді.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	Әртүрлі қашықтықтан оқыту платформаларында (ZOOM, idl.ksu.kz, Moodle, ATutor, iSpring Learn, Teachbase, Memberlux және т.б.) жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып сабақтар жүргізеді және әлеуметтік-педагогикалық іс-шараларды жүзеге асырады.

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	Педагогикалық мамандыққа қабілеттілігін көрсетеді, білім алушыларға жеке-бағдарланған көзқарас негізінде кәсіби қызметті жүзеге асырады, серіктестік процесінде балалар мен олардың отбасыларының әл-ауқаты үшін жауапкершілікті қабылдайды. Альтруистік ниетпен адамдарға бастамашылық жасауға және көмек көрсетуге қабілетті, қазіргі жағдайға жауап беруге және қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, дұрыс шешімдер қабылдай алады. Шығармашылық және сыни ойлауға және кәсіби ұтқырлыққа, тілдік және технологиялық сауаттылыққа ие, өз уақытын тиімді басқаруды жүзеге асырады және жұмыста қойылған мақсатқа қол жеткізеді. Командада сәтті өзара әрекеттеседі, оның ішінде басқару дағдыларын қолдану, қажет болған жағдайда жанжалды жағдайларда келіссөздер жүргізеді.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	Өртүрлі қашықтықтан оқыту платформаларында (ZOOM, idl.ksu.kz, Moodle, ATutor, iSpring Learn, Teachbase, Memberlux және т.б.) жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып сабақтар жүргізеді және әлеуметтік-педагогикалық іс-шараларды жүзеге асырады.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	Әлеуметтік-педагогикалық технологияларды терең меңгергенін, оларды кәсіби қызметте практикалық жүзеге асыру дағдыларын, мемлекеттік және ағылшын тілдерінде кәсіби терминологияны еркін меңгергенін көрсетеді. Философия тарихы, жоғары білім беру педагогикасы, басқару психологиясы, ғылыми таным әдіснамасы және ғылыми зерттеу әдістері бойынша білімдерін пайдалана отырып, кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асырады. Әлеуметтік педагог пен жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын магистратураның ББ оқу пәндерін меңгеру нәтижесінде алған білім, білік және дағдыны оқу үрдісінде және әлеуметтік-педагогикалық қызметте тиімді жүзеге асырады. Кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде цифрлық білім беру ресурстарын меңгерген. Өртүрлі санаттағы отбасылармен және балалармен, соның ішінде тәуекел тобындағы, мүмкіндігі шектеулі балалармен, девиантты мінез-құлықтағы балалармен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, зорлық-зомбылық құрбандарымен және басқалармен жұмыс істеу кезінде кәсіби этикалық нормалардың, қарым-қатынас пен кәсіби мінез-құлықтың маңыздылығын түсінеді. Ғылыми-зерттеу мәдениеті бар, ғылыми зерттеу әдістерін, диагностика, жіктеу әдістерін іріктеуді сауатты анықтайды, ғылыми дереккөздерге, әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға шолу талдауын жүргізеді, ғылыми ақпараттың дерекқорларын пайдаланады, ғылыми-педагогикалық эксперимент кезеңдерін, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін әзірлеуді, түсіндіруді және сынақтан өткізуді жүзеге асырады. Ғылыми-зерттеу мәдениетін игерген, ғылыми зерттеу әдістерін, диагностика, жіктеу әдістерін іріктеуді анықтайды, ғылыми дереккөздерге, әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға талдау жүргізеді, ғылыми ақпараттың дерекқорларын пайдаланады, ғылыми-педагогикалық эксперимент кезеңдерін, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін әзірлеуді, интерпретациядан және апробациядан өткізуді жүзеге асырады.

Әзірлеушілер:

Жұмыс тобының мүшелері:

Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі Д.Т. Джамалиева Г.Ж.

Әлеуметтік педагогика әлеуметтік және жұмыс кафедрасының профессоры Ш.М. Мухтарова Ш.М.

Әлеуметтік педагогика

және әлеуметтік жұмыс кафедрасының қауымдастырылған профессоры Б.Т. Баймуканова М.Т.

Білім беру бағдарламасының магистранты Ш.Т. Шыныбай Т.С.

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралды 20.07.2024 хаттама № 6

Білім беру бағдарламасы академиялық кеңестің отырысында қаралды 19.04.2024 хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университет Басқармасының отырысында қаралып, бекітілді 24.05.24 хаттама № 8

Басқарма мүшесі, академиялық жұмыс жөніндегі проректор

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Философия және психология факультетінің деканы

М.М. Умуркулова
Г.М. Хасенова
А.Д. Макагова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУЫ ЖОСПАРЫ

7M01802 Әлеуметтік педагогика

Жоспардың мақсаты-еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі ғылым жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру шарттарының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)	2027-2028 (жоспар)
1	Кадрлық әлеуетті дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	1	1	2	3
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	4	5	6	6
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	-	1	1	1
2	Рейтингтердегі ББ жылжыту					
2.1	ББҚТА	Ұстанымы	2	2	2	2
2.2	АРТА	Ұстанымы	2	2	2	2
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	-	-	-
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	2	3	3
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	-	1	2	3
3.4	Электронды оқулық	Саны	1	1	2	3
3.5	Бейнежазба/аудиолекциялар	Саны	3	4	5	8
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту					
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	-	+	-	+
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	-	+	+	+
5.	ББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	-	+	-	+
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	+	+	+

Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі



Г.Ж. Джамалиева